



## №34 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

### Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау туралы

2015 жылғы 17 шілде

Алматы қ.

2015 жылғы 9 шілдеде Астана қаласында Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Қ.Мәсімовтің төрағалық етуімен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) кеңейтілген отырысы өтті.

Комиссияның отырысында жүргізілген тексерулер, сондай-ақ бөлінген қаражаттың игерілу қарқынының нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылауды күшейту мәселелері талқыланды.

Отырыс нәтижелері бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-қа, «Даму» КДҚ» АҚ-қа және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-қа түпкілікті қарыз алушылардың қаражатты мақсатсыз пайдалануының алдын алуға бағытталған, сондай-ақ құқық қорғау органдарымен өңірлік деңгейде қосымша іс-қимылды қамтамасыз ететін шаралар кешенін қабылдау жөнінде екінші деңгейдегі банктермен жұмысты жылдамдату тапсырылды.

«Даму» КДҚ» АҚ желісі бойынша өңдеуші өнеркәсіптегі ШОК жобаларына қолдау көрсетуге бөлінген қаражаттан 2015 жылғы 3 шілдедегі жағдай бойынша 100 млрд. теңге мөлшеріндегі 1-ші транш толық игерілді. Қосалқы игеру 5,735 млрд. теңгені немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 5,7%-н құрайды.

2-ші транш (50 млрд. теңге) бойынша 41,117 млрд. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 82%-на 232 жоба қаржыландырылды.

3-ші транш (50 млрд. теңге) бойынша 16,912 млрд. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 34%-на 129 жоба қаржыландырылды.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ желісі бойынша ИИДМБ-2 үшін бөлінген қаражаттан (50 млрд. теңге) 2015 жылғы 3 шілдедегі жағдай бойынша 4,16 млрд. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 8%-на нақты 1 жоба қаржыландырылды («АЛТЕЛ» АҚ).

Өңдеуші өнеркәсіптегі ірі бизнестің жобаларын қолдау үшін 1-ші транш (50 млрд. теңге) бойынша 18,731 млрд. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 37%-на 20 жоба қаржыландырылды.

Өңдеуші өнеркәсіптегі ірі бизнестің жобаларын қолдау үшін 2-ші транш (50 млрд. теңге) бойынша 11,539 млрд. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 23%-на 13 жоба қаржыландырылды.

Оған қоса, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тың деректері бойынша отандық өндірістің жеңіл автокөлігін сатып алушы – жеке тұлғаларды кредиттеуге 2015 жылы бөлінген 15 млрд. теңгеден 2015 жылғы 3 шілдедегі жағдай бойынша 7,461 млрд. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 50%-на нақты 2 322 жеке тұлға қаржыландырылды.

	Жылы	Қаржыландыру мақсаты	Бөлінгені	Пайдаланылғаны (млрд. теңге)	Орындалу %-ы
<b>«ҚДБ» АҚ</b>	2014	ИИДМБ-2 жобаларын қаржыландыру	50	4,16	8
	2014	Өңдеуші өнеркәсіптегі ірі кәсіпкерліктің жобаларын қаржыландыру (1-ші транш)	50	18,731	37
	2015	Өңдеуші өнеркәсіптегі ірі кәсіпкерліктің жобаларын қаржыландыру (2-ші транш)	50	11,539	23
	2015	Отандық өндірістің жеңіл автокөлік сатып алушылары жеке тұлғаларды кредиттеу	15	7,461	50
	2015	Отандық автомобильдер өндірісін қолдауға арналған лизингтік қаржыландыру	5	0	0
	2015	Тікұшақ өндірушілерді қаржыландыру	10	0	0
	2015	Жолаушылар вагондарын өндірушілерді қаржыландыру	5	0	0
	2015	Экспорттық кредиттеу	35	0	0
<b>ДАМУ» ҚДҚ» АҚ</b>	2014	Өңдеуші өнеркәсіптегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру (1-ші транш)	100	100	100
	2014	Өңдеуші өнеркәсіптегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру (2-ші транш)	50	41,117	82
	2015	Өңдеуші өнеркәсіптегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру (3-ші транш)	50	16,912	34

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 46 39

+7 (727) 270 45 85

+7 (727) 330 24 97

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)